Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы
Маңғыстау ауданы Жыңғылды ауылы
Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
«Ұлан» балабақшасы



# Портфолио

## Тәрбиеші

## Шәмбілева Анар Абайділлақызы

Scanned with AnyScanner

Батыс Қазақстан
инновациялық-технологиялық университеті
(жоғары оқу орнының толық атауы)

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 2019 жылғы «09» 04 шешімімен (№ 104 хаттама)

Шәмбілева
Анар Абайділлақызына
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

5В010100 - Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша
(мамандықтың коды және атауы)

білім
**БАКАЛАВРЫ**
дәрежесі берілді

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы / Касымова А.Х.
Ректор / Габдуалиева Р.С.
Хатшы / Амангелдиева Б.Н.

М.О.

2019 жылғы «02» шілде
Орал

**ЖБ - Б №** 1488306

Тіркеу нөмірі 3485

---

Решением Государственной аттестационной комиссии
Западно-Казахстанского
инновационно-технологического университета
(полное наименование высшего учебного заведения)
от «09» 04 2019 года (протокол № 104)

Шәмбілева
Анар Абайділлақызы
(фамилия, имя, отчество (при его наличии)

присуждена степень
**БАКАЛАВР**
образования
по специальности 5В010100 - Дошкольное обучение и воспитание
(код и наименование специальности)

By the decision of the State Attestation Committee of
West Kazakhstan
innovative-technological University
(name of the higher education institution)
Anar Shambileva was
(graduate's full name)
awarded the degree of **BACHELOR** of education
in 5В010100 - Preschool teaching and education
(code and name of the specialty)

Date «09» 04 2019

**ЖБ - Б №** 1488306

«02» июля 2019 года г. Уральск

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық шеберлік орталығының
Ақтау қ. филиалы

# КУӘЛІК

*Шәмбілева Анар Абайділлақызы*

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде курсты аяқтады.

Директор К. Боранбаева

серия ВТ № 145411

Ақтау қ., 2020 ж. 24 ақпан – 10 сәуір

АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
филиал Центра педагогического мастерства
в г. Актау

# СВИДЕТЕЛЬСТВО

*Шәмбілева Анар Абайділлақызы*

окончил(–а) курсы по образовательной программе повышения квалификации педагогов дошкольных организаций, разработанной Центром педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», в объеме 235 академических часов.

Директор К. Боранбаева

серия ВТ № 145411

г. Актау, 24 февраля – 10 апреля 2020 г.

Scanned with AnyScanner

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

# СЕРТИФИКАТ

***Шәмбілева Анар Абайділлақызы***

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша 235 академиялық сағат көлемінде оку курсын аяқтады

окончил(-а) курсы по образовательной программе повышения квалификации педагогов дошкольных организаций в объёме 235 академических часов

Ұйымның атауы
Наименование организации: Педагогикалық шеберлік орталығының Ақтау қ. филиалы

Филиал Центра педагогического мастерства в г.Актау

Ұйымның жетекшісі
Руководитель организации: К.Боранбаева

Берілген күні: 2020 ж. «27» сәуір

Дата выдачи: «27» апреля 2020 г.

ВТ № 006404

Scanned with AnyScanner

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ»
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ
«ӨРЛЕУ»

# КУӘЛІК
# СВИДЕТЕЛЬСТВО

***Шәмбілева Анар Абайділлақызы***

қатысушының аты-жөні / Ф.И.О. участника

201_9_ жылдың «_**04**_» - «_**06**_» ***желтоқсан*** аралығында

прошел(а) обучение на семинаре (вебинаре, тренинге) по теме

***«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында педагогикалық тәсілдемелерді қолдану жұмыстарын ұйымдастыру»***

атты семинарда (вебинар, тренингте) _**24**_ сағат көлемінде білім алды

в объеме _**24**_ часов с _**04.12**_ по _**06.12**_ 201_**9**_ г.

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының директоры
Директор филиала АО НЦПК «Өрлеу»

Э. Калиева

қолы / подпись

М.О.
М.П.

Берілген күні
Дата выдачи
«_**06**_» **желтоқсан** 20**19** ж. г.

№ 062723

Scanned with AnyScanner

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 маусымдағы № KZ92VPY00071802 Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды қайта есепке алу туралы куәлігі.

# «ÚZDIK TÁRBIESHI»

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

# СЕРТИФИКАТ

Аталмыш сертификат «ÚZDIK TÁRBIESHI» республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналының №11(7) (2023 ж. Қараша) шығарылымына материалдың қосылғанын растау үшін берілген.

Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің
"Ұлан" бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК
Тәрбиеші
«Úzdik tárbieshi» республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналына материал жариялаған

## Шәмбілева Анар Абайдуллақызы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Материалдың тақырыбы:
БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ...

Бас редактор: Баянды Е.

ÚZDIK TÁRBIESHI

Scanned with AnyScanner

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2022 жылғы 20 қаңтардағы № KZ61VPY00045006 Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды қайта есепке алу туралы куәлігі.

# «KEMEŃGER USTAZ.KZ»

Республикалық ғылыми - әдістемелік журналы

# СЕРТИФИКАТ

Аталмыш сертификат «Kemeńger ustaz.KZ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының №11(7) (2023 ж. Қараша) шығарылымына материалдың қосылғанын растау үшін берілген.

Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Ұлан" бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК
Тәрбиеші
«Kemeńger ustaz KZ» республикалық ғылыми әдістемелік журналына материал жариялағаны үшін

## Шәмбілева Анар Абайдуллақызы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Материалдың тақырыбы:
МЕЙІРІМДІЛІКТІҢ - БАСПАЛДАҒЫ БАЛАБАҚША ...

«Kemeńger ustaz.KZ» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының бас редакторы

Алшынов А.Ә

№ 004-498

2023 жыл

ISSN: 2959 - 0183

Scanned with AnyScanner

• *Құлаққағыс*

# БАЛАБАҚША – білім бастауы



**Қазіргі кездегі мектептегі білім беру бағдарламасының қиындығын ескерсек, оқып отырған бала түгілі оқытып отырған адам да кейде тапсырмаларын орындай алмайды. Мектепке даярлық сыныбына енді барған бес жастағы бала әріп үйреніп, сол әріптерді қосып, сөз оқуы керек. Ал оны оқу үшін балаға мектепке дейін білім дайындығы керек.**

Ойымды толықтай жеткізер болсам, мен де бала тәрбиелеп отырған анамын. Ұлым даярлық сыныбында оқиды. Екі жарым жасынан бастап балабақшаға барды. Балабақша өз бетімен жазу, сызу, жаттау, ауызша сабақтарға, қосымша баламның (тұйық болатын) ашылуына көп септігін тигізді. Тіпті осы күні сол баламды балабақшаға ерте бергеніме қуанамын. Қазір ата-аналарда қате түсінік қалыптасқан. Яғни «Өзім үйде отырсам, баламды үйде бағатын адам болса, балабақшаға беріп не істеймін?» деген. Бұл – өте қате түсінік. «Ол бала білім алуы керек, бір күнде сөздік қорына ең аз дегенде бір сөз қосуы керек. Балалармен араласып, қалам ұстап, сурет салып, жазып, сызып, санап, ортаға бейімделіп [illegible] балабақшаға баруы керек» деп ойлаймын. Осы ойымды әлі де болса, жасы [illegible] балабақшаға бермей отырған аналар оқып, ойланса екен деймін.

[illegible] Назарбаевтың ҚР білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған [illegible] бағдарламасы қабылданып, балаларды балабақшамен қамтамасыз [illegible] көңіл қойғаны қуантады. Елбасымыздың 2017 жылғы Жолдауында «Егер [illegible] шықпай, терезеден телміріп отырса, әлемде, құрлықта қандай дауыл [illegible] алмайды» деп рухани жаңару жолының күретамырын деп басты.

[illegible] балабақшаға бармағанда не істейді?! Теледидар қарайды, ұялы телефон [illegible] өздерінің мазасын алмас үшін баланың сұрағанын береді. Ол неге әкеліп [illegible] денсаулығы нашарлайды, көру қабілеті төмендейді, ұялы телефонның [illegible] болғаны соншалық, сырттағы қоршаған орта балаға қызықсыз бола [illegible] келгенде бала тұйықталып, сөйлемейтін жағдайға тап болады.

[illegible] жасы келгенде, балабақшаға берген жөн.

**Анар ШӘМБІЛОВА,**
**«Ұлан» балабақшасының тәрбиешісі**

• *Талант жастан*

# ҚЫЛҚАЛАМ ҚҰДІРЕТІ

Scanned with AnyScanner

# Жүрегі мейірімге толы өнерлі қыз

Аптаның бейсенбі күні болатын. «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша сурет салу оқу қызметіме дайындалайын деп материалдарымды қаратып, балаларды ұйымдастырылған оқу жоспарымен кеңінен таныстыра бастадым. Тақырыбымыз бойынша гүлдердің суретін салып, оны бояуға кірісіп кеткенбіз. Әлиланың суретті ұқыпты, әдемі бояйтынын алдыңғы ұйымдастырылған оқу қызметімде де байқаған болатынмын. Ол үнемі ашық түстерді пайдаланатын және суреттері өте әдемі шығатын. Бұл тұста мені таң қалдырған басқа нәрсе болатын. Сол күні Әлила қасында отырған Дарынның лас сырлап отырғанын көріп:

- Дарын, не істегенсің? - деп қолымен альбомын ұрғылап, күйгелектене бастады.

- Сырлай алмай жатырмын, - деді Дарын.

- Бояуын суреттің сыртына шығып кетіпті, неге шығарып боягансың? Апай қазір саған ұрысады, - деді де, жүгіріп қасыма келді.

- Апай, апай, қараңызшы, Дарын суретті бүлдірді.

- Не істеді Дарын?

- Ол суреттің үстін қара қарындашпен сызып-сызып тастапты.

- Дарын, қанеки әкеле гойшы,- дедім. Дарын көңілсіз орнынан тұрып альбомын алып келді. Шынында да қарындашпен шимайлап сызып тастаған екен. Содан Дарынның басынан сипап, асықпай қайтадан суретін салып, ұқыпты бояуын тапсырдым. Әрі Әлилаға Дарынға көмектесуін өтіндім. Арада біраз уақыт өткесін Дарын көңілді күйімен оралып:

- Апай, қараңызшы суретті сыртына шығармай боядым, - деді.

- Жарайсың Дарын, саған бүгін «өте жақсы» деген баға қоямын, ал сен Әлила досыңа рақмет айт дедім. Дарын Әлилаға рақметін айтты, екеуі де бір-біріне риза болды.

- Әлила, сен де жарайсың, достарыңа көмектескенің дұрыс болды, саған да жақсы деген баға қоямын, - дедім.

Әлила өзі кішкентай болса да пысық, аңғарымпаз, белсенді, үнемі көңілді жүретін қыз болатын. Сондай кішкентай бола тұра сурет салу шеберлігіне шынымды айтсам, таң қалатынмын, себебі өзім сурет сала алмайтынмын. Мен оның суретке деген қызығушылығын бірден байқағанмын. Әлиланың ерекше дарынын әрі қарай дамыту мақсатында жұмыстарын бірнеше сайыстарға жіберіп, екі рет жүлделі орын да алдық. Өзіне де сурет салғаны ұнайтыны соншалық, керемет көңіл күйде болатын. Баланың бойында басқа балалардан ерекше өзіне сенімділік бар. Мені сол қуантатын.

**Бұл нені білдіреді?**

Әлиланың сурет салу мүмкіндігінің бар екенін, достарына үнемі қолдау көрсетіп жүретін қамқор екендігін білдіреді.

**Мүмкіндіктері:**

Алғыр, мейірімді Әлиланы достарының бәрі жақсы көріп, сыйлайды. Сурет салудан үйірмелерге қатысса, суретші болатынына сенемін! Шығармашылық қабілеті мол болғандықтан, болашағы зор деп есептеймін.

**Ата-анаға сұрақ:**

1.Қадірлі ата-ана, балаңыздың суретті салуға құштарлығы бар, соған бейім екендігін білетін бе едіңіз?

2.Сіздер Әлиланы сайыстырға қатыстырғыңыз келе ме?

***Танымдық оқиғаға түсіндірме***

Танымдық оқиғамның тақырыбын «Жүрегі мейірімге толы өнерлі қыз» деп алдым. Сурет салу да - адам баласының бойына сіңген ерекше дарын. Шығармашылыққа бейім Әлила есімді бүлдіршінді бақылау барысында жазба жүргізу арқылы танымдық оқиға жазуды көздедім. Әлиланың суретке деген тұнық ойларын, түстерді таңдаудағы керемет фантазиясын байқау арқылы Әлиланы өзім жеке жұмыс ретінде бақылауға алдым. Сурет салу барысында топтасу, жұптасу әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, баланың дербестігін, қызығушылығын байқадым.

Баланың қиялы, ойлау қабілеті шексіз ғой. Негізгі мақсатым Әлилаға жуан, жіңішке сұрақтар қою арқылы сурет салуға деген қызығушылығын дамыта отырып, алға қойған мақсаттарын әрі қарай жетілдіріп, баланың дамуына зияткерлік тұрғыда ықпал ету болды. Бағалау барысында Әлиланың кішкентай жүрегі мейірімге толы екенін, әрқашан достарына қамқорлық сезімін алмайтыны көрінді. Бақылау баланың күшті тұстарын білуге септігін тигізді. Педагог ретінде баланың білім деңгейін көтеру, қызығушылығын арттыру үшін, ата-анасымен ақылдаса келе, Әлиланы сайыстарға қатыстырдым. Екі рет жүлделі орынға ие болдық. Бұл баланы одан ары қарай жігерлендіріп, оның шығармашылық дамуына септігін тигізді.

Әлилада жақсы қасиеттер жетерлік. Солардың бірі - балада «мен» деген ұғым қалыптасқан, яғни болашақ көшбасшы. Командамен жұмыс жасаудағы белсенділігі, қай ортада болса да, тез тіл табысатыны оның дамуына септігін тигізеді. Мен осындай жақсы қасиеттері үшін, балапанды мақтап, мадақтау арқылы саралау тәсілін қолдандым. «Әр бала бір жұлдыз, жарқырауға жәрдем бер!»- деген «Тәй –Тәй» технологиясының ұраны бар. Әр бала өзінше, бір жұлдыз. Әр бала өзінің ерекшелігімен, қызығушылығымен, өнерімен, дарындылығымен ерекшеленеді. Осы жаңартылған білім мазмұнын пайдалана отырып, өз іс-тәжірибемде «Бала үні», «4 К моделінде», тұтас бала бейнесі көрінді. Осы тұрғыда білім, білік дағдыны, есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше.

Анар ШӘМБІЛЕВА,
«Ұлан» балабақшасының тәрбиешісі,
Маңғыстау ауданы.

Кітапхана – рухани байлық ордасы

Өзін...

# Жүрегі мейірімге толы өнерлі қыз

**Тақырыбы:** «Жүрегі мейірімге толы өнерлі қыз».
**Баланың аты- жөні:** Орынбасар Әлила
**Баланың жасы:** 3 жас
**Тәрбиеші:** Шәмбілева Анар Абайділлақызы

Аптаның бейсенбі күні болатын. «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша сурет салу оқу қызметіме дайындалайын деп материалдарымды таратып, балаларды ұйымдастырылған оқу жоспарымен кеңінен таныстырып, бастадым. Тақырыбымыз бойынша гүлдердің суретін салып, оны бояуға кірісіп кеткенбіз. Әлиланың суретті ұқыпты, әдемі бояйтынын алдыңғы ұйымдастырылған оқу қызметімде де байқаған болатынмын. Ол үнемі ашық түстерді пайдаланатын және суреттері өте әдемі шығатын. Бұл тұста мені таң қалдырған басқа нәрсе болатын. Сол күні Әлила қасында отырған Дарынның лас сырлап отырғанын көріп:

-Дарын, не істегенсің?- деп қолымен альбомын ұрғылап, күйгелектене бастады.

-Сырлай алмай жатырмын,-деді Дарын.

-Бояуың суреттің сыртына шығып кетіпті, неге шығарып бояғансың? Апай қазір саған ұрысады деді де, жүгіріп қасыма келді.

-Апай, апай, қараңызшы, Дарын суретті бүлдірді.

-Не істеді Дарын?

-Ол суреттің үстін қара қарындашпен сызып-сызып тастапты.

-Дарын, канеки әкеле ғойшы,- дедім. Дарын көңілсіз орнынан тұрып альбомын алып келді. Шынында да карындашпен шимайлап сызып тастаған екен. Содан Дарынның басынан сыйпап, асықпай қайтадан суретін салып, ұқыпты бояуын тапсырдым. Әрі Әлилаға Дарынға көмектесуін өтіндім. Арада біраз уақыт өткесін Дарын көңілді күймен оралып:

-Апай, қараңызшы суретті сыртына шығармай боядым.-Жарайсың Дарын, саған бүгін өте жақсы деген баға қоямын, ал сен Әлила, досыңа рақмет айт дедім. Дарын Әлилаға рақметін айтты, екеуі де бір- біріне риза болды.

-Әлила, сен де жарайсың, достарыңа көмектескенің дұрыс болды, саған да жақсы деген баға қоямын,- дедім.



**Маңғыстау ауданы,Жыңғылды ауылы «Ұлан» балабақшасының Шәмбілева Анар Абайділлақызы**

Әлила өзі кішкентай болса да пысық, аңғарымпаз, белсенді, үнемі көңілді жүретін қыз болатын. Сондай кішкентай бола тұра сурет салу шеберлігіне шынымды айтсам, таң қалатынмын, себебі өзім сурет сала алмайтынмын. Мен оның суретке деген қызығушылығын бірден байқағанмын. Әлиланың ерекше дарынын әрі қарай дамыту мақсатында жұмыстарын бірнеше сайыстарға жіберіп, екі рет жүлделі орын да алған болатынбыз. Өзіне де сурет салғаны ұнайтыны соншалық, керемет көңіл күйде болатын. Баланың бойында басқа балалардан ерекше өзіне сенімділік бар болатын. Мені сол қуантатын.






**Бұл нені білдіреді?**

Әлиланың сурет салу мүмкіндігінің бар екенін, достарына үнемі қолдау көрсетіп жүретін қамқор екендігін білдіреді.

**Мүмкіндіктері:**

Алғыр, мейірімді Әлиланы достарының бәрі жақсы көріп, сыйлайды. Сурет салудан үйірмелерге қатысса, суретші болатынына сенемін! Шығармашылық қабілеті мол болғандықтан, болашағы зор деп есептеймін.

**Ата-анаға сұрақ:**

1. Қадірлі, ата-ана, балаңыздың суретті салуға құштарлығы бар, соған бейім екендігін білетін бе едіңіз?

Сіздер Әлиланы сайыстырға қатыстырғыңыз келе ме?



***Танымдық оқиғаға түсіндірме***

Танымдық оқиғамның тақырыбын «Жүрегі мейірімге толы өнерлі қыз» деп алдым. Сурет салу да-адам баласының бойына сіңген ерекше дарын. Шығармашылыққа бейім Әлила есімді сұлуымды бақылау барысында жазба жүргізу арқылы танымдық оқиға жазуды көздедім. Әлиланың суретке деген тұнық ойларын, түстерді таңдаудағы керемет фантазиясын байқау арқылы Әлиланы өзім жеке жұмыс ретінде бақылауға алдым. Сурет салу барысында топтасу, жұптасу әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып баланың дербестігін, қызығушылығын байқадым.Баланың қиялы, ойлау қабілеті шексіз ғой. Негізгі мақсатым Әлилаға жуан жіңішке сұрақтар қою арқылы сурет салуға деген қызығушылығын дамыта отырып,алға қойған мақсаттарын әрі қарай жетілдіріп,

баланың дамуына зияткерлік тұрғыда ықпал ету болды. Бағалау барысында Әлиланың кішкентай жүрегі мейірімге толы екенін, әркашан достарына қамқорлық сезімін аямайтыны көрінді. Бақылау барысында баланың күшті тұстарын білуге септігін тигізді. Педагог ретінде баланың білім деңгейін көтеру, қызығушылығын арттыру үшін, ата-анасымен ақылдаса келе, Әлиланы сайыстарға қатыстырдым. Екі рет жүлделі орынға ие болдық. Бұл баланы одан ары қарай жігерлендіріп, баланың шығармашылық дамуына септігін тигізді. Нәтижесі -жоғарыдағы марапаттау қағаздары.

Әлилада жақсы қасиеттер жетерлік. Солардың бірі-балада «мен» деген ұғым қалыптасқан, яғни болашақ көшбасшы. Командамен жұмыс жасаудағы белсенділігі, қай ортада болса да, тез тіл табысатыны оның дамуына септігін тигізеді. Мен осындай жақсы қасиеттері үшін, балапанды мақтап, мадақтау арқылы саралау тәсілін қолдандым. «Әр бала бір жұлдыз, жарқырауға жәрдем бер!»- деген "Тәй –Тәй" технологиясының ұраны бар. Әр бала өзінше, бір жұлдыз. Әр бала өзінің ерекшелігімен, қызығушылығымен, өнерімен, дарындылығымен ерекшеленеді. Осы жаңартылған білім мазмұнын пайдалана отырып, өз іс – тәжірбиемде «Бала үні», «4 К моделінде», тұтас бала бейнесі көрінді. Осы тұрғыда білім, білік дағдыны, есепке алу және бағалау мәселесіне теориялық және практикалық талдау жасаудың маңыздылығы ерекше.

***Жаңашыл ұрпақты тәрбиелеуге арналған-жаңартылған бағдарламаның мұмкіндіктері***

Жаңа білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңартылған білім мазмұны бойынша біліктілікті арттыру курсынан бірінші бетпе-бет академиялық курсынан үйренген әр түрлі әдіс тәсілдерді балабақшамызда кеңінен қолдануға шештім. Бағытталған ойын тәсілдері балаларға басқалардың пікірімен санасуға, ойын нәтижесін болжауға, өз [illegible]

іс-әрекеттерді жоспарладым, мақсатқа жету жолдарын айқындауды үйреттім. Бұл бағдарлама бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан алған әсерім көп. Ондағы жүргізілген тиімді әдіс-тәсілдер педагогтарды оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін ойындарда қолдандым, балаларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, ұйымдастырылған оқу қызметімде жауапкершілікпен және шығармашылық тұрғыда жүргізуге бағытталдым. Ұйымдастырылған оқу қызметімді ойын арқылы аштым. Қабырғаға дайындалған постер ілінеді. «Көкіністер мен Жемістер» – топтар кабинет ішінде қозғалысқа түседі, қабырға жапсырма қағазға осы постерге алдын – ала дайындалып салынған суретті жұптық жұмыс арқылы суретті бояйды. Сурет аяқталған соң, балалар өз жұмыстарын бағалап, басқа балалардың жұмыстарын сараптайды, талқылайды, сұрақтарға жауап береді және қорытынды жасайды. Кері байланыс жасау арқылы балаларды «Блум таксономиясы» арқылы ойын соңында «Керемет!» «Жарайсың!» «Тамаша!» мадақтау арқылы балаларымды бағалау әдісін қолдандым. Жетістіктерді «Қолмен белгі беру» Смайлик беру, «Бес саусақ» тағы басқа осындай сипаттармен бағалау жұмыстарын жүргіздім. Жаңа сабақ бастар алдында осы әдіс бойынша сұрақ қою арқылы жаңа сабақтың тақырыбын аштым. Тәжірибемде ықшам сабақты жоспарлауда курста алған білімім, әріптестер мен тренердің ұсынған кері байланыстары қажеттілігіме жарады. Ол үшін ризашылық алғысымды білдіремін.Ойынды бастағанда балаларға тапсырмаларды анық тұжырымдап, нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттарға бағыттап үйрендім. Оқу қызметімде мұғалімнің не істейтініне емес, оқушының немен айналысатынын басты назарда ұстау керектігін білдім. Мен үшін нәтижелі болғаны - осы тұс. Балалар тиімді кері байланыс жасап үйренді. Тапсырманы зерделеу арқылы бағалау құрып дағдыландым. Күннің екінші жартысында бақылау түрлері мен әдіс – тәсілдерді ойын түрлерін, бақылауды жоспарлаймын. Курс барысы кез келген ойын балаға оқу барысында немесе балалар бақшасына тыс жағдайларда қажет болатын нақты [illegible] дамытуға [illegible] балалардың бағытталатынын, [illegible] іс – әрекетіне қарай отырып мүмкіндік беретінін түсіндім. Жаңартылған оқу бағдарламаларын қолдана отырып, SMART мақсат қою арқылы және содан нақты күтілетін нәтижеге жету керектігін түсіндім. Жаңартылған бағдарламаның түйінді идеялары арқылы балаға бағыттап оқу қызметімде ойын түрін де жоспарлап, өткіздім. 4К моделін жоспарлау барысында тиімді әдіс – тәсілдерді пайдаланып, баланың қабілетін ашу үшін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, дағдыларын қалыптастырамын. Ойын түрлерін пайдалану барысында балалардың жеке қажеттіліктерін және дербестігін арттыруды көздедім. Тәрбиелеу мен оқытуға арналған ойындарды да үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- **педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын;**
- **құрылымдалған ойын;**
- **еркін ойын.**

Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын түріне «Дүкенші» сюжеттік рөлдік ойынын қолдандым. Балалар кезекке тұрып дүкенге барып, керегін айтып сауда жасады. Дүкенші ақшасын айтып, балалар ақшасын санап береді. Балалардың дүкенші мамандығына деген қызығушылығы артты. Ойын барысында диалог көрінді, яғни кері байланыс болды. Балаларды топтасып командамен жұмыс істеді, сыни ойлау қабілеттері қалыптасты. Бала үні естілді. Балаларға қызықты болды.

Еркін ойын түріне «Дәмхана» ойынын ойната отырып, бір-бірімен байланыс жасады. Балалар бірлесе отырып, топырақтардан әр түрлі пішінді ыдыстарға салып печенье жасай отырып, бірлесіп жұмыс жасауды, ұқыпты ойнауды үйренеді. Бір бірімен еркін әңгімелеседі. Бұл ойында баланың қол икемділігі, танымдық деңгейі артып, қолдарының моторикасын белсендендіреді. Ойын барысында кедергілер де байқалды. Ыдыстардың жетіспеушілігінен балалар өзара келісе алмай қалды. Айша есімді қызым барлығы өзінікі болғанын қалайды. Сол себепті ол Дәмхананың басшысы болып, кедергі шешілді. Ойын барысында бір-біріне көмектесе біледі, достық қарым-қатынас жасай алады. Өзімнің жеке тәжірибемде ықшам сабақты жоспарлап, белсенді оқыту әдістемесін, тиімді оқытуды басты назарда ұстау алдағы негізгі мақсат болып табылады. Біліктілік арттыру курсында алған [illegible] тәжірибемде қолдан[illegible]

Балаларды бақылау арқылы құрылымдалған ойын түріне, балалардың білім деңгейін бақылай отырып, дидактикалық «Көршісін тап» ойынын ойнаттым. Бұл ойындағы көздеген мақсатым баланы жан-жақты дамыту, сыни ойлау қабілетін жетілдіру, есте сақтау қабілетін арттыру. Балалар қолдарындағы әр түрлі суреттердің не екенін атап, күнделікті өмірде пайдаланып жүргендерін, не үшін қажетті екенін атап берді. Бұл ойынның ерекшелігі педагогсыз балалар өздері жетелеуші қызметін атқарып, өз бетімен ойнайды. Суреттерді құрастыра алмай отырған балаларда ойынға деген ынтасы болмай кедергілер де кездесті. Бұл кедергіні шешу жолдары, балаларға командалық жұмыстар жоспарлауды көздеймін. Болашақтағы жоспарым алдағы уақытта балаларға ойын түрлерін пайдалана отырып, қарым-қатынастарын нығайтып, ойлау қабілеттерін дамытуға арналған ойындар пайдаланамын.

Ойымды қорытындылай келе, бұл ойындарды қолдану мақсатым балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, жағымды ортада жаңа ресурстарды пайдалану керегін түсіндім. Алдағы уақытта әр баланы бақылау арқылы жетелеуші сұрақтармен сөздік қорын дамытып, өз ойын ашық айту дағдыларын қалыптастырып, ұжымдық жұмыс жасауға жұмыстану керек. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша менің көкейге түйгенім: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында тәрбиеленушілердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында, біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзімнің күш жігерімді салып, еліме пайдамды тигізіп жатсам, өмірде одан артық бақыт жоқ деп ойлаймын!





Scanned with AnyScanner

Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің
"Ұлан" бөбекжайы" ЖБК МКҚК
Тәрбиеші
Шәмбілева Анар Абайдуллақызы



# БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҚ...

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңартылған білім мазммұны бойынша бағытталған ойын тәсілдері балаларға басқалардың пікірімен санасуды, ойын нәтижесін болжауды, мақсатқа жету жолдарын айқындауды үйретеді. Ондағы жүргізілген әдіс- тәсілдер балаларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, жан- жақты болуға баулиды.



Оқу қызметімде күнделікті тәрбиешінің не істейтініне емес, тәрбиеленушімнің немен айналысатынын басты назарда ұстау керектігін білдім. Мен үшін ең ұтымды әрі нәтижелі болатыны- ос тұс. Бұл ойындарды қолдану мақсатым балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, жағымды ортада жаңа ресурстарды пайдалану керегін түсіндім. Бала уақытын тиімді әрі пайдалы өткізу керек. Әр баланы бақылау арқылы сұрақтар қоюмен сөздік қорын дамытып, өз ойын ашық айта алатындай жағдай жасап, ұжымдық жұмыс жасауға үйрету. Ойын арқылы балалар тиімді кері байланыс жасап үйренеді, сөздік қоры молаяды, баланың қабілеті ашылады, жас ерекшелігіне сай дағдылары қалыптасады. Тәрбиелеу мен оқытуға арналған ойындар бірнеше топқа бөлінеді. Олардың әр қайсысының бала өмірінен алатын рөлі ерекше деп айтар едім. Бала ойнау арқылы өседі, дамиды, қалыптасады, ойлайды, армандайды, мақсатына жетеді! Бала Ойнау барысында топтасып командамен жұмыс жасауды үйренеді, бір- бірімен байланыс жасайды, еркін әңгімелеседі, ұқыпты болуға, ептілікке үйренеді, шаруаға қолдары икемделеді, ойлау қабілеті жақсарады, ойын арасында бір- біріне көмектесе де біледі, достық қарым- қатынас жасай алады, қысқасы жан-жақты дамиды. Есте сақтау қабілетін жақсартатын да керемет ойындар бар.



Сәбидің дүниетанымының бай дамуына әсер ететін бірден - бір фактор - ол ойыншық! Ойыншықтар арқылы бала өз сезімін білдіріп, қоршаған ортаны зерттейді. Ойыншық таңдау баланың ең қызықты, ең маңызды ісі. Тек бала ойыншықты қалай таңдауына байланысты. Әр баланың өз ойыншықтары болуы тиіс. Бұл болашақта да бала өз жеке дүниесіне ие болуға, қолы жеткен әрбір жетістігін жете бағалауына да әсер етеді. Ойыншық баланы жан- жақты тәрбиелеу мақсатында пайдаланылады. Баланың дүниетанымын кеңейтеді. Балалардың қиялын дамытып, еңбек сүйгіштігін, техникаға түрлі кәсіппен

Scanned with AnyScanner



айналысуға, белгілі бір мамандықтарға қызығушылығын арттырады, білуге құмарлығын қалыптастарады. Ойыншықпен ойнау кезінде баланың мінез- құлқын, психикасын анық көруге болады.

Қазіргі танда смарт телефонға тәуелді болған киялы ұшқыр жас ұрпақтың сол алақандай экраннан шыға алмай қалған сана сезімін ескерсек, қазіргі көп диагноздардың қайдан пайда болып жатырғанын түсінер едік. Бала еркін ойнап, еркін ойлап, емін- еркін өсу үшін біз үлкендер жағдай жасауымыз керек! Ойымды қорытындылайтын болсам – зерек бөбектердің зейінін ашып, білімді ұрпақ, білікті маман даярлау - әр қайсымыздың адамдық борышымыз. Осы жолда аянбай еңбек етіп, әр түлегімнің жеңісті күндеріне куә болып, ұшырған қырандарымның қалықтағанын, сол еңбегімнің жемісін көрсем нұр үстіне нұр емес пе...?



**Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің "Ұлан" бөбекжайы" ЖБҚ МКҚК**
**Тәрбиеші**
**Шәмбілева Анар Абайдуллақызы**



# МЕЙІРІМДІЛІКТІҢ - БАСПАЛДАҒЫ БАЛАБАҚША ...

Қазір бөтені былай тұрмақ, бірге туған бауырлар да бір- бірімен араласуы қиын заман болды. Кішіміз де үлкеніміз де туған бауырымыздың қадіріне жете бермейміз. Себебі бауырдың қадір қасиетін айтатын адамдар да жоқтың қасы. Балабақшада жұмыс жасағалы бір түйгенім- алдымыздағы балалар бөлек- бөлек бөлініп, бір- бірін сыртқа теуіп, күш көрсетіп кей жағдайда тіпті жарақаттауға да бейім тұрады. Себебі не деп түбіне үңілсек- үйден баламызға- өзіңді ұрса ұр, ешкімге есеңді жіберме деп өзіміз үйретеміз екен. Ешкім баласына қарапайым сөзбен ол сенің ағаң, ол саған бөтен емес, адам баласын ұрма, кешірім сұра деген сөздерді айтпайтынымыз рас. Біреу ұрды деп арыз айтып келсе ертең барып жанын шығарам деп өзіміз мейірімсіздікке үйретеміз! Ертең өскенде ол бала мейірімсіз болып ата- анасын тастап кетсе, бауырларын сыртқа теуіп, ешкімге жаны ашымайтын болса онда ол кішкентай кезде аяусыздыққа үйреткен өзіміздің кінәміз! Біреудің жығылғанына күлетініміз қорқынышты! Бала біздің ертеңіміз! Махаббат, сыйластық, құрмет көрсету, адамгершілік қасиеттерді адам бойына сіңіру тәрбиеге байланысты. Қазақ «ізеттінің інісі көп», «сыйлассаң сыйлы боласың» деп бекер айтпаған. Пайғамбар (с.ғ.с.): «Сендердің ешбірің өзі жақсы көрген нәрсесін бауыры үшін де жақсы көрмейінше толық иман келтірмейді», деп айтқан (Бұхари). «Мұсылманның бауыры алдында алты міндеті бар. Олар: оның берген сәлеміне жауап беру, шақырылған жерге бару, егер бауыры кеңеске мұқтаж болса, кеңес беру, егер бауыры түшкірсе «әл-хамдулиллә» айту, егер ол ауырып қалса- халін сұрау, бауыры қайтыс болса жаназа намазына қатысу». Бауырластықтың шарттары осымен ғана шектелмейді. Сыйластық сәлемнен басталатынын балаларға түсіндіру керек. Бірақ бір өкініштісі сол балабақшаға баласын әкеліп тұрған ата- ана да ұстазбен амандаспайды. Оны көрген баланың да ұстазға деген құрметі қайдан болсын! Сәлем арабша «әфшус- сәләма», мағынасы сәлемді таратыңдар, «сәләм»- сөзінің тағы бір мағынасы бейбітшілік. Яғни бейбітшілікті таратыңдар деген мағынаны білдіреді. Түпкі мағынасы адамдар бір- бірінің арасында сәлем беріп, жақсы сөздер айтып, игі амалдар жасасын және бір- біріне жақын болсын дегенді білдірсе керек. Бала тәрбиесіндегі тағы бір маңызды амал- ол кешірім сұрауға үйрету. Кешірім сұрай білген адам- кішіпейіл болады. Кішіпейіл адам мейірімсіз болмайды. Балалардың кішкентай жүрегін мейірімге толтырып, бауырмалдыққа, адалдыққа, жақсы іс жасауға үйретіп, санасына осыларды сіңіріп өсірсек, өз елінің қайырымды перзенті болып өсетініне сенемін.



-Бір бірін Алла үшін жақсы көрген пенделерге иненің тесігі де тар болмайды. Бірін- бірі жек көрген адамдарға [illegible] делінген (Дәлиу әс- Сәилин кітабында). Адамдардың

Scanned with AnyScanner



бір- біріне конакка баруы, бір- біріне сыйлык беру, бір- бірін сыйлауы бәрі бейбітшілікті таркату амалына жатады. Біз бір бірімізді танысакта танымасак та сәлем беріп, ізетті болсак, жәрдемдесуге, колымыздан келетін көмек колын созуға ұмтылсак, ешкімді білмей жатып катты сөздер айтып ғайбаттамасак, жылы сөздер айтып кішкене болса да жанына желеу болсак соның өзі мол сауапка кенелтеді сізді. Қазір туған бауырларды бір-біріне жамандап араларын суытып жүрген замандастарым (келіндер) каншама. Туысынмен карым катынасты үзу- күнәнің ең үлкені. Канша ренжіп тұрсакта, өкпелеп калсакта ағайынды адамдардың арасын суытуға болмайды. Қайта жаксы сөзбен жұбатып, ол сенің бауырың ғой, катесін өзі түсінер, кешірімді бол, - деп айтсак кандай жаксы іс жасаған болар едік. Мен бұлардың бәрін өзім білгіш болғанымнан айтып отырғаным жок. Ең болмаса бір адамға жаксы ой салсам деп, көптен бері көкейімде жүрген мәселені жазып отырған жәйім бар. Бауыр деген Алланың адам баласына берген сыйы, камкоры, жанашыры! Сол жанашыр бауырларымызды бар кезінде бағалайык. Бір құрсакта жаткан, бірге туған тумаласты ешкімнің бөлуге хакысы жок! Есіңізде болсын, бала «ұяда не көрсе, ұшканда соны іледі» . Өсіріп отырған перзентіміздің кызығын көргіміз келсе, ұрпағымыз тәрбиелі болсын десек- тәлім тәрбиені өзімізден бастайык!



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ "БІЛІМДІЛЕР" ПОРТАЛЫ

INTERNATIONAL PORTAL "BILIMDILER"

# DIPLOMA

Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы, Жыңғылды ауылы,
«Ұлан» бөбекжайының тәрбиешісі
Шәмбілева Анар Абайдуллақызына
берілді.
"Ойыншықтың маңызы, ойынның балаға тигізер пайдасы"
атты мақаласының электронды нұсқасы
WWW.BILIMDILER.KZ
халықаралық веб сайтында жарияланды.

"Білімділер" веб порталының редакторы

Бердали Қ.Е.

В 01546

2023 жыл

Scanned with AnyScanner

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 маусымдағы № KZ92VPY00071802 Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды қайта есепке алу туралы куәлігі.

# «ÚZDIK TÁRBIESHI»

Республикалық ақпараттық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журналы

# АЛҒЫС ХАТ

Құрметті

## Шәмбілева Анар Абайдуллақызы

Білім мазмұнының жаңғыруы жағдайында ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағын қастерлей білетін жас ұрпақты оқыту мен дамытудағы іс-шараларға белсене қатысып, жоғары кәсіби деңгейдегі маман ретінде Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты «KEMEŃGER» ғылыми-әдістемелік орталығымен бірлесе іс-тәжірибе алмасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Бас редактор: Баянды Е.

ÚZDIK TÁRBIESHI

2023 жыл

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті 2022 жылғы 20 қаңтардағы № KZ61VPY00045006 Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды қайта есепке алу туралы куәлігі

# «KEMEŃGER USTAZ.KZ»

Республикалық ғылыми - әдістемелік журналы

# АЛҒЫС ХАТ

Құрметті

## Шәмбілева Анар Абайдуллақызы

Білім мазмұнының жаңғыруы жағдайында ұлттық тәрбие мен білімнің қайнар бұлағын қастерлей білетін жас ұрпақты оқыту мен дамытудағы іс-шараларға белсене қатысып, жоғары кәсіби деңгейдегі маман ретінде Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты «KEMEŃGER» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығымен бірлесе іс-тәжірибе алмасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

«Kemeńger ustaz.kz» республикалық ғылыми-әдістемелік журналының бас редакторы

Kemeńger ustaz.kz журналы Алшынов А Ә Республика Қазақстан

Алшынов А.Ә

2023 жыл

Scanned with AnyScanner

Құрметті Шәмбілева Анар

Сізді 8-Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз.

Жыңғылды селолық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен өткізілген «Мен қазақтың келінімін» атты сайысқа «Ұлан» бөбекжайының атынан қатысқаныңыз үшін алғыс айтамыз.

«Ұлан» бөбекжай ұжымы

2022 жыл

Scanned with AnyScanner

Жыңғылды ауылдық мәдениет үйі

# Диплом

## І дәрежелі

8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесіне
орай өткізілген

**«Мен қазақтың келінімін»**

атты келіндер арасында өткізілген байқауда
инабаттылығымен , тапқырлығымен, өнерімен
көзге түскен

Абайдуллақызы Анар

марапатталады.

**Ұйымдастыру алқасы**

**Наурыз. 2022 жыл**

Маңғыстау аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы

# Алғыс хат

**Шәмбілова Анар Абайділләқызы!**

Мұғалімдер күні мерекесіне орай, білім жүйесіндегі қажырлы еңбегі, өскелең ұрпаққа өнегелі тәрбие мен білім берудегі шығармашылық жетістіктері мен кәсіподақ өміріне белсене қатысудағы айрықша еңбегі үшін

Қоғамдық бірлестігінің төрағасы А. Шугурова

Шетпе - 2020 жыл

Scanned with AnyScanner

175 ЖЫЛ

KEMEL

# ДИПЛОМ

II ДӘРЕЖЕЛІ

**«КЕМЕЛ»** өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен тәрбиешілер және мұғалімдер арасында өткен **«Ұстаздық еткен жалықпас»** атты Республикалық эссе жазу байқауына қатысып, ерекше белсенділік танытқан

*Шәмбілева Анар Абайділлақызы*

марапатталады.

«Кемел» өнер-білім орталығының директоры

Қ.САҒИДОЛДА

№ 016520

НҰР-СҰЛТАН-2020

Scanned with AnyScanner

Аудандық білім үйлестіру орталығы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ




# Диплом

І дәрежелі

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған балабақша тәрбиешілері арасында «Шын хакім асыл сөзің баға жетпес» атты аудандық байқауға қатысқан

Ұлан

балабақшасының

Шәмбілова А.
Андиржанова А, Мақсат Г, Қабиева С.

тәрбиешісі

марапатталады

Директор Г.Серикова

2020 жыл

Scanned with AnyScanner

Bala DARYN

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ ЖАСТАРЫ

Алматы-2020

# Алғыс хат

«Тәуелсіз ел жастары» қоғамдық қоры,
«Бала дарын» балалар байқауы жобасы аясында,
мектеп оқушылары мен балабақша тәрбиеленушілері
арасында өткен **«Қыс кереметі»** атты республикалық сурет
және қолөнер байқауына талантты шәкірт дайындағаны үшін

*Шәмбілева Анар Абайдуллақызы*

марапатталады.

«Тәуелсіз ел жастары» ҚҚ
атқарушы директоры

Тәуелсіз ел жастары
Қоғамдық қоры
Общественный фонд
город Алматы
Республика Казахстан

Б.ЕДІЛОВ

№ 007961

Scanned with AnyScanner

Almaty

SAMURYQ

# Диплом

**"Samuryq" өнер-білім орталығының ұйымдастыруымен өткен республикалық "Қыс қызығы" атты сурет және қолөнер байқауына шәкірт дайындағаны үшін**

*Шәмбілева Анарға*

**Алғыс білдіреміз!**

**" SAMURYQ "өнер-білім орталығының директоры** Ж.Тукбаев

**Алматы 2020**

Scanned with AnyScanner

# DIPLOMA

І ДӘРЕЖЕЛІ

«ӨРЛЕУ ҚАЗАҚСТАН» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНЫҢ

ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН БАЛАБАҚША ТӘРБИЕШІЛЕРІ

АРАСЫНДА ӨТКЕН «ТУҒАН ЖЕРІМ – ТҰҒЫРЫМ» АТТЫ

ОНЛАЙН ЭССЕ БАЙҚАУЫНДА ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН ИЕЛЕНГЕНІ ҮШІН

Шәмбілева Анар

марапатталады

«Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының төрағасы: КУАНДЫКОВ Б

Scanned with AnyScanner

*Маңғыстау аудандық білім үйлестіру орталығы*



# 175 ЖЫЛ

# Диплом

## III дәрежелі

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілер арасында өткізілген аудандық «Абай - дара, Абай - дана қазақта» атты сырттай мәнерлеп оқу байқауында

Ұлан балабақшасы

(балабақша атауы)

Тұмар Алихан

(аты - жөні)

марапатталады

Директор Г.Серикова

2020 жыл, тамыз

Scanned with AnyScanner

Маңғыстау аудандық білім үйлестіру орталығы

# Диплом

## II дәрежелі

Аудандық «Әрқашан күн сөнбесін!»

сырттай сурет байқауында

«Ұлан» балабақшасы Тұрар Әлихан

марапатталады

Директор Г.Серикова

2020 жыл

Scanned with AnyScanner

Almaty

SAMURYQ

# Диплом

I дәрежелі

**"SAMURYQ" өнер-**білім орталығының ұйымдастыруымен өткен
**"Қыс қызығы" атты** республикалық сурет және қолөнер байқауына
**қаты**сып жеңімпаз атанғаны үшін

*Асхатқызы Асылым*

МАРАПАТТАЛАДЫ

**Жетекшісі:** *Шәмбілева Анар*

" SAMURYQ "өнер-білім орталығының директоры Ж.Тукбаев

Алматы 2020 жыл

Scanned with AnyScanner

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

«Izdenis»республикалық оқытушылар мен оқушылар порталы

Altyn Gasyr 01

IZDENIS

I дәрежелі

# Диплом

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында
өткен республикалық «Кел, Жаңа Жыл!» байқауының
жеңімпазы

## Орынбасар Әлила

**марапатталады**

**«Altyn Gasyr 01»**
**мекемесінің басшысы**
**Нурхожаев Б.Е.**

Altyn Gasyr01

№A-003129

Қаңтар 2020

Scanned with AnyScanner

DARYNDY ZHAS

# ДИПЛОМ

## І ДӘРЕЖЕЛІ

**Daryndy-zhas** оқу орталығының ұйымдастыруымен
**Тәуелсіздік-теңдесі жоқ байлығым»** атты республикалық қашықтық байқауға
қатысып бейнелеу шығармашылығы(сурет салу ) номинациясы бойынша
жүлделі орынға ие болғаны үшін

## Иманғазы Әлихан Манасұлы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы Маңғыстау ауданы Жыңғылды ауылы
МКҚК «Ұлан» балабақшасы Жыңғылды ауылы

Жетекшісі:Шәмбілева Анар Абайділлақызы

Орталық басшысы Г.С.Сейдахметова

№02DJ415
Желтоқсан 2019 жыл

Scanned with AnyScanner